

ребенка, которая прекращается с его усыновлением. А в соответствии с п.4 ст. КоБ(с)С - суд, исходя из интересов ребенка, вправе обязать бывшего усыновителя выплачивать средства на его содержание[3]. Учитывая, что такая мера установлена законодателем как санкция за недобросовестное, а иногда даже виновное поведение родителей и усыновителей, считаем возможным дополнение действующего законодательства нормой, расширяющей перечень алиментнообязанных лиц. Ими на наш взгляд, безусловно, должны стать и биологические родители в случае отказа от ребенка, который генетически с ними связан. Такое положение будет способствовать реализации одного из основных принципов семейного права – приоритетной защиты и интересов несовершеннолетних.

Отметим, что проблемы суррогатного материнства не исчерпываются решением указанных нами вопросов. Многие из них - коммерциализация отношений между биологическими родителями и суррогатной матерью, приоритет интересов одной из сторон в случае спорности прав на родительство - лежат в плоскости нравственности и морали. Другие - отсутствие положений, регулирующих последствия отказа от родившегося при помощи репродуктивных методов ребенка, рождение больного ребенка, обусловленное подменой генетического материала, обеспечение конфиденциальности при исполнении договора суррогатного материнства – связаны с несовершенством и пробелами в содержании правовых норм. Однако, считаем, что при гибком регулировании отношений, возникающих по поводу осуществления гражданами принадлежащих им репродуктивных прав, решение большинства из них возможно. Работа законодателя и правоприменителей в этом направлении будет во многом способствовать реальному обеспечению права граждан на охрану здоровья и свободный репродуктивный выбор.

Литература.

- 1.Официальный сайт Института Репродуктивной Медицины, «Как стать суррогатной матерью»// http://irm.kz/?page_id=1250
2. Психологический портрет суррогатной мамы// www.semiaplus.ru
3. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 9.04.16 г.)// http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31102748#pos=0;0
4. Кодекс Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года № 193-IV «О здоровье народа и системе здравоохранения» (с изменениями и дополнениями на 22.12.16 г.)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30479065#pos=0;0
5. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029

Жунусова Д.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет, экономика факультеті, УА-21, студент
(*Ғылыми жетекші - э.ғ.м., аға оқытушы Темірбекова Л.А.*)

ЖИЫНТЫҚ ПАЙДАНЫ ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУ

Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтың «Ең алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидасына сәйкес қазіргі нарықтық жағдайда пайда табуды көздеген шаруашылық субъектілері маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңына сәйкес «Кірістер - есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы тұлғалардың жарнасымен байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына әкеп соғады» [1].

Ереже бойынша сәйкесінше шығын шығармай, тілеген табысын алу мүмкін емес. Ал,

табыс болмаған жағдайда, кәсіпорынның дамуы және әлеуметтік сұрақтарды сәтті шешуі мүмкін емес.

Табыс, нарықтық экономикада өндірістік және әлеуметтік дамуының негізгі көзі болғандықтан, кез келген кәсіпорын қызметінің мақсаты табыс табу болып табылады. Табыстың көлемі кәсіпорынның шаруашылық қызметінің сәтті болуына, өз өзін қаржыландыруына әсерін тигізуде.

Табыс – кәсіпкерлік қызметтің нәтижесінде іскерлік белсенділікті арттырып, кәсіпорынның болашақта дамуын қамтамасыз ететін, қаржылық ресурстардың қалыптасуының негізгі ішкі көзі болып саналады. Сондықтан да кәсіпорын табысының мөлшері мен рентабельділігінің деңгейін анықтау меншік иелері үшін өзінің кәсіпкерлік қабілеттілігі, сондай-ақ осы мақсатта қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау мен кәсіпорынның болашақтағы қызметін жоспарлау және болжам жасауда маңызды орын алады.

Табыс (пайда) табу кез келген кәсіпорынның мақсатты функциясы ретінде төмендетіледі. Нарықтық жағдайда табыс (пайда) оның, яғни кәсіпорынның қозғаушы күшіне айналды.

Экономикадағы кәсіпорынның қызмет етуі мен дамуының мотиві қосымша табыс болып табылады. Бірақ оған жетудің жолдары мен әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Қазіргі кәсіпорындардың осы мақсатқа жетудің ең дұрыс жолының бірі – тауардың сапасын үздіксіз жоғарлату арқылы тұтынушыға ықпал ету стратегиясы болып табылады.

Сапамен байланысты маңызды категорияларға еңбек өнімділігі, өткізілу көлемі, нарық сегменттері, еңбекақының өсу деңгейі, тағы басқалары жатады. Тәжірибе көрсеткендей, сапаны өсіру еңбек өнімділігінің өсуіне әкеледі, ал соңғысы өнім бірлігіне шығынды азайтады. Кәсіпорын менеджментінің мұндай экономикалық жұмысы алдымен өнімнің бәсекеге жарамдылығын арттырып, кейін кәсіпорынның нарықтағы бәсекелік қабілетін арттырады.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау үшін тек қана табыс көрсеткіштерін алу жеткіліксіз болып саналады. Сондықтан да табысты нақты бір базамен салыстыру керек.

Кәсіпорынның жиынтық пайда табыс деңгейін анықтап, орындалуын қамтамасыз ететін факторларын қарау керек немесе орындалмау себептерін, сонымен қатар жиынтық пайдаға жететін деңгей қою және оны жабу қорларын анықтау қажет.

Жиынтық пайдаға әсер ететін маңызды фактор өндірістік өзіндік құн, сондықтан оның төмендеуі оның көлеміне көп әсерін тигізеді.

Өндіріс және қызмет көрсету көлемін өсіруге әкелетін айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату күрделі шығындарды талап етпейді. Инфляция айналым қаражаттарын өте тез құнсыздандырады.

Жиынтық пайданы өнім өткізуден түскен табыстан өткізілген өнімнің өзіндік құнын шегеру арқылы анықталады.

Жиынтық пайдаға әсерін анықтау үшін пайда мен зиян туралы есептің мәліметтері бойынша келесі талдау кестесін құруға болады (кесте 1).

Кесте 1. 2015-2016 жж. «ГолдНью» ЖШС-нің жиынтық пайдасын талдау

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	Ауытқуы	
			мың теңге	%
Өнім өткізуден түсетін табыс	705 324	774235	68 911	109,77
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	471 407	508507	37 100	107,87
Жиынтық пайда	233 917	265728	31 811	113,60

1 кестені талдай отырып, жиынтық пайданың ұлғайғанын байқап отырмыз. Жиынтық пайда есеп беру жылын өткен жылмен салыстырғанда 31811 мың теңгеге немесе 13,6 % өскен. Оның өзгеруіне өнімді өткізуден түскен тыбыстын 68911 мың теңгеге өскені және өткізілген өнімнің өзіндік құнының 37100 мың теңгеге өскені әсерін тигізген. Шығындардың көбеюі жиынтық пайданың азаюына әсер етеді.

Осы екі көрсеткіштің әсерін тізбекті алмастыру әдіс арқылы есептеуге болады.

Тізбекті алмастыру әдісі сәйкес жиынтық көрсеткішке жеке факторлардың әсерін есептеу үшін пайдаланылады. Ол жеке кәсіпорындар мен бірлестіктердің көрсеткіштерін талдағанда кеңінен қолданылады. Тізбекті алмастыру әдісінде алгебралық жолмен қосылатындардың бірінің жоспарлық шамасын, көбейтушілердің бірін оның шынайы шамасына біртіндеп ауыстырады. Ал көрсеткіштердің басқалары мұнда өзгеріссіз қалады. Демек, орын ауыстырудың әрбірінде жеке есептеу жүргізіледі: есептейтін формулада көрсеткіштер көп болған сайын есептеулер де көбейеді.

2 кестеден біз тізбекті алмастыру әдіс қолданғанда балансытқ әдістегідей нәтижелер алатынымызға көзіміз жетті. Жалпы 2015 жылдың мәліметтерін 2016 жылдың мәліметтерімен салыстырғанда жиынтық пайданың өскенін байқадық.

Кесте 2. Жиынтық пайданың өзгерісіне әсер етуші факторлардың әсерін талдау

Өнім өткізуден түсетін табыс	Өткізілген өнімнің өзіндік құны	Жиынтық пайда	Ауытқуы	Ауытқу себептері
705324	571407	233917	-	
774235	571407	302828	+68911	Өнімді өткізуден табыс 68911 мың теңгеге өсу әсерінен жиынтық пайда дәл осы сомаға өсті.
674235	508507	265728	-37100	Өткізілген өнімнің өзіндік құнының 37100 мың теңгеге өсуінің әсерінен жиынтық пайда дәл осы сомаға азайған.
Жалпы ауытқу			+31811	Осы екі фактордың әсерінен жиынтық пайда 31811 мың теңгеге өсті.

Көбіне пайданың өсуі бағаның өсуімен байланысты болады. Жиынтық пайданың өзгеруіне өткізілген өнімнің өзіндік құнының, өнімнің бағасының, өткізілген өнім көлемінің және құрылымдық өзгерістерінің әсерін қарстырайық.

Ол үшін келесі 3 талдау кестесін құрдық.

Кесте 3. 2016 жылғы «ГолдНью» ЖШС-нің жиынтық табысы

	Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақты көрсетілген қызмет жоспар бойынша	Нақты
1.	Қызмет көрсетуден түсетін табыс	787764	737366	774 235
2.	Көрсетілген қызметтің өзіндік құны	512048	479288	508 507
3.	Жиынтық табыс	275716	258078	265 728

3 кестеден нақты көрсеткіштердің жоспардағы көрсеткіштерден едәуір ерекшеленетінін көріп отырмыз. Қарастырып отырған көрсеткіштер бойынша жоспар орындалмаған.

Жиынтық пайданың нақты көлемі жоспарланған көлемнен 9988 мың теңгеге аз.

Жоғарыда аталған факторлардың осы ауытқуға әсерін анықтау керек. Олардың есебі келесі түрде жүргізіледі.

1. Өткізілген өнімнің өзіндік құнының өзгерісінің әсері, өткізілген өнімнің нақты өзіндік құнынан іс жүзінде өткізілген өнімнің нақты көлемінің жоспарлы өзіндік құнын алып тастау жолымен мына формула арқылы табылады:

$$P_S = \sum Q_I^H * S_I^H - \sum Q_I^H S_I^Ж, \quad (1)$$

мұндағы Q_I^H – өндірілген өнімнің нақты көлемі; S_I^H – әрбір өнімнің нақты өзіндік құны; $S_I^Ж$ – әрбір өнімнің жоспарлы өзіндік құны.

Осылайша табылған сомада шикізат, материалдар, отын, сатып алынған жартылай фабрикаттар, энергия тарифі бағаларының жоспармен салыстырғандағы өзгерістері бар. Бұл фактор кәсіпорыннан тәуелсіз болғандықтан, ішкі талдау барысында оны дербес фактор ретінде көрсету дұрыс.

Өткізілген өнімнің өзіндік құнының жоспармен салыстырғанда төмендеуі немесе өсуі кезінде жиынтық пайда сәйкесінше өседі немесе азаяды. ЖШС «ГолдНью» мысалында артық шығындалу болған, бұл жиынтық пайда көлемін 29219 мың теңгеге төмендетті (508507-479288).

2. Жиынтық пайданың нақты көлемінің жоспардан ауытқуына қолданыстағы баға өзгерісінің әсері келесі формула арқылы есептеледі:

$$P_{Ц} = \sum Q_I^H * P_I^H - \sum Q_I^H P_I^Ж, \quad (2)$$

мұндағы P_I^H және $P_I^Ж$ – өнім бірлігінің сәйкесінше нақты және жоспарлы бағасы.

Басқаша айтқанда, бұл фактордың әсерінің мөлшері қызмет көрсетуден түскен нақты түсімнен жоспарланған мөлшерді алып тастау жолымен анықталады. Кәсіпорын мысалында жиынтық пайда баға факторы есебінен 36869 мың теңгеге (774235-737366) өсті.

3. Өткізілген өнім көлемінің өзгерісінің жиынтық пайдаға ауытқуына әсерін анықтау үшін алдымен өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалу дәрежесін анықтау керек. Пайда көлемі осы факторға тікелей үйлесімді тәуелді болғандықтан, жоспарлы пайда өткізілетін өнім көлемі бойынша орындалу пайызына көбейту керек.

Есептеу үшін өткізілген өнім көлеміне әр түрлі бағалау ұсынылады: қолданыстағы өндірілген өнім бағасымен өндірістік өзіндік құны бойынша. Өткізілген өнімнің көлемі бойынша жоспардың орындалу пайызын есептеу кезінде әр қалай бағалау, пайдаға әсерін анықтау кезінде айтарлықтай ауытқуларға әкеледі. Бірінші әдіс экономистермен теріске шығарылған, өнім өткізуден түсетін табыстың өзгеруі қызмет көрсетудің физикалық көлеміне ғана емес, сондай-ақ құрылымындағы өзгерістерге байланысты көрсетілген қызметтің рентабельділігіне де әсер етеді. Қазіргі кезде бағалар күнделікті күрделі өзгерістерді бастан кешіруде, сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша өндірілген өнім көлемін өндірістік өзіндік құн бойынша бағалау әлдеқайда дәлелді болып табылады.

Жиынтық пайдаға өткізілген өнім көлемінің өзгерісінің әсері келесі есеп арқылы анықталады:

$$N_{Ж}^C = \frac{S_H}{S_{Ж}} * 100, \quad (3)$$

мұндағы $N_{Ж}^C$ – өзіндік құн бойынша қызмет көрсету көлемі жоспарының орындалу деңгейі; $S_H, S_{Ж}$ – көрсетілген қызметтің сәйкесінше нақты және жоспарлы өзіндік құны.

$$П_{П} = \frac{П_{Ж} * N_{Ж}^C}{100}, \quad (4)$$

мұндағы $П_{П}$ – қызмет көрсету көлемінің пайдаға тигізетін әсері; $П_{Ж}$ – жоспарлы жиынтық пайда.

Талданып отырған серіктестік қызмет көрсету бойынша жоспарды 6,09%-ға асыра орындады ($508507/479288*100$)-100, нәтижесінде жоспарланған жиынтық пайдадан 16808,57 мың теңге артық алынған ($(275716*106,09/100)-275716$).

Талдау жұмысының теориясы мен тәжірибесінде, көрсетілген қызмет құрамындағы құрылымдық өзгерістердің жиынтық табысқа әсерін есептеудің екі тәсілі бар:

1) «өндірілген өнімнің нақты көлеміне жоспар бойынша» есептелінген, алынуы тиіс жиынтық пайда сомасын өндірілген өнім көлемі бойынша жоспардың орындалу коэффициентіне түзетілген жиынтық пайданың жоспарлы мөлшерімен салыстыру арқылы;

2) «өндірілген өнім көлемінің өзгеруі» факторының әсер ету сомасын «өндірілген өнімнің нақты көлемінің жоспар бойынша» есептелінген және алынуға тиісті пайда көрсеткіштері арасындағы айырмадан шегеру арқылы.

Тәжірибеде екінші тәсіл жиі қолданылады, өйткені бұл фактордың әсер ету көлемін есептеуге дейін өндірілген өнім көлемінің өзгерісінің әсерін анықтайды. «Өндірілген өнім нақты көлемінің жоспар бойынша» есептелінген, алынуға тиісті жиынтық пайда сомасы осы екі фактордың жиынтық әсерін сипаттайтын болғандықтан, бұл сомадан өндірілген өнім көлемін қолданудың әсерін шегеру арқылы өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістерінің пайдаға тигізетін әсерін анықтайды.

Зерттеп отырған кәсіпоранда мысалда есептеулер келесіні көрсетеді:

1) $258078 - 275716 = - 17638$ мың теңге;

2) $-17638 - 16808,57 = - 34446,57$ мың теңге.

Құрылымдық өзгерістер нәтижесінде жоспармен салыстырғанда жиынтық пайда 829,43 мың теңгеге кем алынған.

Бұл фактордың әсерін нақты өткізілген өнім жоспар бойынша алынуға тиісті пайданы, есепті жылы өткізілген өнім көлемі бойынша жоспардың орындалуын ескере отырып, жоспарлы құрылым жағдайында алынған пайдамен салыстыру арқылы анықтаған дұрыс болып табылады.

Бұл әдіс әлдеқайда ыңғайлы әрі дәл олып табылады. Есептеулер келесі түрде болады:
 $258078 - (275716*106,09/100) = - 34429,1$.

ЖШС «ГолдНью» мысалында құрылымының өзгеруі жиынтық пайданың ауытқуына теріс әсерін тигізді, яғни оның мөлшері 34429,1 мың теңгеге азайды.

Серіктестіктің жиынтық пайданың талдау нәтижелері 4 кестеде көрсетілген. Жиынтық пайда өткізілген өнімнің өзіндік құнының өсуінің әсерінен 29219 мың теңгеге азайған, бағаның өсуінің әсерінен 36869 мың теңгеге көбейген, өткізілген өнім көлемінің өсуінің әсерінен 16808,57 мың теңгеге азайған, өнім көлемінің құрылымының өзгеруінің әсерінен 34446,57 мың теңгеге азайған. Жалпы осы факторлардың әсерінен жиынтық пайда жоспармен салыстырғанда 9988 мың теңгеге азайған.

3 және 4 кестелерден біз тағыда келесіні байқадық: жиынтық пайда бойынша жоспар нақты 3,62%-ға орындалмаса, оған себепшілердің мөлшері есептелген.

Кесте 4. Жиынтық табыстың ауытқуына негізгі факторлардың әсері

№	Көрсеткіштер	Сомасы, мың тг	Жоспарлы пайдаға, %-бен
1.	Өткізілген өнімнің өзіндік құнының өсуі	- 29219	-10,60
2.	Өнім бағалар деңгейінің өсуі	+ 36869	13,37
3.	Өткізілген өнім көлемінің артуы	+ 16808,57	6,10
4.	Көрсетілген қызмет құрамындағы құрылымдық өзгерістер	-34446,57	-12,49
	Жиыны	-9988	-3,62

Өзіндік құнның өсуінің әсерінен жиынтық пайда 10,6 %-ға төмендеген, бағаның өсуінің әсерінен жиынтық пайда нақты 13,67%-ға өскен, өткізілген өнім көлемінің өсуінің әсерінен 6,1%-ға өскен, ал өнім құрылымының өзгеруінің әсерінен жиынтық пайда 12,49%-ға төмендеген.

Жалпы жиынтық пайдаға кері әсер етуші факторлар көп болғасын, нәтижесінде жоспар 3,62%-ға немесе 9988 мың теңгеге орындалмаған.

«ГолдНью» ЖШС бойынша өткен жылды есеп беру жылымен салыстырғанда жиынтық пайда өнімді өткізуден түскен табыстың және өткізілген өнімнің өзіндік құнының өсуінің әсерінен өскен. Ал жоспар мен салыстырғанда серіктестіктің жиынтық пайдасы бойынша жоспар өзіндік құнның өсуінің әсерінен және өнім көлемінің өзгеруінің әсерінен 23%-ға орындалмаған. Бағаның және көлемінің өсуінің әсерінен жоспар 19,47%-ға асыра орындалған. Бірақ кері әсер етуші факторлар көп болғандықтан жиынтық пайда бойынша жоспар 3,62%-ға орындалмаған.

Сонымен, қаржы нәтижелерін талдаудың негізгі міндеттері болып табыс көрсеткіштерінің өзгеріс бағасы, олардың нақты мөлшерінің ұйымдастырылуы мен бөлінуі; табысқа әсер ететін әр түрлі факторлардың өлшемі табылады.

Пайда кәсіпорынның тиімділігін сипаттайтын нәтижелі сапалы көрсеткіш, ол материалдық, еңбектік, қаржылық ресурстардың оңтайлы пайдалануын сипаттайды.

Пайданың сапасы маңызды, егер өнім көлемі артып, өзіндік құн азайса, пайданың сапалысының жоғарлағанын сипаттайды.

Әдебиеттер:

- 1 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 заңы
- 2 Құлпыбаев, С. Қаржы негіздері: - Алматы: LEM, 2009
- 3 Кеулімжаев К.К., Құдайбергенов Н.А. «Қаржылық есеп» Алматы экономика 2001ж.
- 4 Рахметов, Б. А. «Кәсіпорын экономикасы» Алматы экономика 2008ж.

Зарипова Р.Р.- Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Магистрант, гр.О-11 НИ
(Научный руководитель- Мажитова С. К., к.э.н доцент кафедры)

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ФИНАНСОВЫХ РИСКОВ НА СОВРЕМЕННОМ РЫНКЕ НЕДВИЖИМОСТИ

Существенное значение для анализа эффективности деятельности компаний на рынке недвижимости имеет проблема рисков. Следует иметь в виду, что любая сделка с недвижимостью - это операция, несущая элементы риска. При этом операции с